



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

31.08.2021 г.

Акмектеп ауылы

№ 21

село Акмектеп

Оқушылар тасымалы туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі «Автомобиль көлігі туралы» Заңының 14-бабының 3-тармағының 3-1) тармақшасына, «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 26 наурыздағы №349 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларына (нормативтік құқықтық рәсімдерді мемлекеттік тіркеу тізіміндегі №11550 болып тіркелген) сәйкес Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қаңтардағы қаулысы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021-2022 оқу жылының басталуына байланысты Жолқұрылыс ауылында тұратын оқушыларды Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақмектеп орта мектебі» КММ-не және кері қарай үйлеріне жеткізуге УАЗ KZ -AA-16 автокөлігі жіберілсін.

2. Шалғай елді мекендерде тұратын оқушыларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібі туралы оқушылармен, жүргізушіні, жауапты мамандармен, ата-аналармен түсінік жұмыстары ДТІЖО Р.Акиева, мектеп медбикесі М.Тантаева, шаруашылық меңгерушісі Н.Садуақасовтардың қатысуымен жүргізілсін.

3. Автокөліктің техникалық жағдайының дұрыс болуы, уақытында техникалық байқаудан өтуді, жол қауіпсіздігіне, өрт қауіпсіздігіне байланысты және алғашқы көмек көрсетуге қажетті құралдармен қамтамасыз ету шаруашылық меңгерушісі-Н.Садуақасовқа тапсырылсын.

4. 2021-2022 оқу жылының басталуына байланысты Жолқұрылыс ауылында тұратын оқушыларды сабаққа тасымалдау автокөлік жүргізушісі ретінде – А.Раймбековке міндеттелсін.

Директор:



Б.Амиргазин